Іске қосудың көп тараған сызбалары: тікелей қосылым (DOL, 19-сур, 1-қосымша қар.), «жұлдыз-үшбұрыш» (Y/D 18-сур, 1-қосымша қар.) және баяу іске қосу. Сорғыны сонымен қатар түрлендіргішті өндірушінің техникалық талаптарына сәйкес жиілік түрлендіргіші (9.3 Жиілік түрлендіргішімен пайдалану тарауын қар) арқылы іске қосуға болады. Іске қосу сызбасын таңдау желілік қорек параметрлерін қолдануды қоса алғанда, бірнеше ықпалдарды орындаудан тұрады.

«Жұлдыз-үшбұрыш» іске қосылымы барысында жоғары өтпелі сәттерді болдырмауда коммутацияның өтпелі үдеріс ұзақтығын ең төменіне дейін қысқарту өте маңызды. Ауыстырып қосу кезеңі 50 мсек аспайтын немесе іске қосқышты өндірушіден арнайы құжат сәйкес болатын уақыт релесін қолдану ұсынылады.

Нұсқау

9.1 Басқару шкафтары

9-30 кВт SE/SL сорғылары деңгейді реттеу үшін, Grundfos жеке басқару шкафына қосыла алады (қосымша керек-жарақ ретінде жеткізіледі):

- LC орындалымы бір сорғылы сорғы қондырмаларына арналған;
- LCD орындалымы екі сорғылы сорғы қондырмаларына арналған;
- Control DC басқару шкафының Grundfos-тан Dedicated Control бірнеше (бірден алтыға дейінгі) сорғылармен жұмысқа арналған.

Тағайындалымына байланысты басқару жүйесі су деңгейін реттеу үшін, әр түрлі типтегі жабдықтарымен жинақтала алады:

LC басқару шкафы екі немесе үш деңгей релесімен жабдықталған. Екеуі сорғының қосылымын, сәйкесінше ажыратылымын қамтамасыз етеді. Деңгейдің үшінші релесі (арнайы тапсырыспен жеткізіледі) батып кету жағдайында авариялық сигнал берілісіне қызмет етеді.

LCD басқару шкафы үш немесе төрт деңгей релесімен жабдықталған. Бірі - сорғылар тоқталуының жалпы сигналының берілісі, және екеуі – іске қосылу, Деңгейді бақылаудың төртінші релесі батып кету жағдайы туралы авариялық сигнал берілісіне қызмет етеді.

Control DC басқару шкафының Grundfos-тан Dedicated Control – бұл жүйе ғимараттардағы қондырмалар немесе стансалардағы көріз сорғылары үшін сорғылармен басқару жүйесі. Dedicated Controls жүйесі деректердің жетілдірілген берілісін басқару мен кеңейтілген берілісін қамтамасыз етеді.

Dedicated Controls жүйесінің негізгі компоненттері мыналар болып табылады:

- CU 362 - басқару құрылғысы;
- IO 351B - кіріс/шығыстың негізгі модулі;
- IO 113 - қорғаныш модулі (опциясы).

Dedicated Controls жүйесі:

- қалқымалы ажыратқыштардан;
- басқарудың ұқсас датчигінен;
- ультрадыбыс датчигінен сигналдар бойынша көріздік сорғыларды іске қосу/тоқтатуды жүзеге асырады.

Сонымен қатар бір уақытта қалқымалы ажыратқыш пен қысымның ұқсас датчигінің деңгейін реттеуге болады. Dedicated Controls жүйесінде жоғары деңгей мен «құрғақ» айналым сигнализациясына арналған екі қосымша қалқымалы ажыратқыш орнатуға болады.

Деңгей релесін орнату барысында келесілерді сақтау керек:

- Сорғының ауа жұтып алуына кедергі жасау үшін және сорғылардың аударып қотару сұйықтығына батырылған дірілін болдырмау үшін, сорғылық бөлігі корпусының ернеуінен аударып қотару сұйықтығының деңгейі төмен түскенге дейін сорғы тоқтайтындай етіп, ажырататын деңгей релесін құрастыруды орындау керек. Сорғыны құрғақ орнату барысында негізгі ереже мынадай: тоқтатудың ең төмен деңгейі сорып алатын құбыр жетегінің саңылауынан кем дегенде 20 см жоғары болуы керек. 10-сур қар.
- Іске қосудың деңгей релесі сорғы сұйықтықтың қажетті деңгейіне түсірілетіндей етіп реттелуі керек; алайда сорғы сұйықтық деңгейінің сұйық қойманың енгізу құбырының төменгі ернеуіне дейін жеткенге дейін кез-келген жағдайда түсірілуі керек.
- Деңгейді арттыру сигнализациясының релесі, егер ол бар болатын болса, іске қосатын реледен шамамен 10 см жоғары болуы керек; алайда сигнализация кез-келген жағдайда сұйықтық деңгейі сұйық қойманың енгізу құбырына жеткенге дейін іске қосылуы керек.



Ескертпе
Сорғы жабдықтарының басқару жүйесін/контроллерін жарылуға қауіпті атмосферада орнатуға тыйым салынады.



Ескертпе
Негізгі деңгей релесі жұмыс істемеген жағдайда сорғыны тоқтату үшін қосымша деңгей релесін орнатыңыз.

9.2 Датчиктер

9-30 кВт SE/SL сорғылары әр түрлі қорғаныш датчиктерімен жабдықталған. Төмендегі кестеде тапсырыс бойынша орнатылатын стандартты кіріктірілген және қосымша датчиктер тізімделген.

Әр түрлі типтегі датчиктердің электрлі жалғасулар сызбасы атаулы нұсқаулыққа қосымшада 5-тен 9-ге дейінгі суреттерде келтірілген.

	Стандартты сорғы	Сорғы, датчикпен 1-орындайлымы	Сорғы, датчикпен 2-орындайлымы	Жарылыстан қорғалған сорғы	№1 датчиктермен орындалған, жарылыстан қорғалған сорғы	№2 датчиктермен орындалған, жарылыстан қорғалған сорғы
Термореле немесе PTC орамасында	•	•	•	•	•	•
Ылғалдылық релесі, жоғарғы	•	•	•	•	•	•
Ылғалдылық релесі, төменгі	•	•	•	•	•	•
Статор орамындағы датчик температурасы (Pt1000)	•	•	•			
Жоғарғы мойынтіректегі датчик температурасы (Pt1000)		•	•		•	•
Төменгі мойынтіректегі датчик температурасы (Pt1000)			•			•
PVS 3 діріл датчигі			•			•
IO 113* модулі			•		•	•
SM 113** модулі			•		•	•

* IO 113 модуль сорғымен бірге жеткізілмейді және оған бөлек тапсырыс берілуі керек.


** SM 113 модулі сорғымен бірге жеткізіледі, электрқозғалтқыштың жоғарғы қуысында, қақпақтың астында орналасқан

9.2.1 Термоажыратқыштар

Үш биметалды термоажыратқыштар (Кlixon/PTC) статор айналымына кіріктірілген. Түйіліс электр қозғалтқышының қызып кетуінде, яғни 150 °C барысында ажыратылады. Термоажыратқыштың қорегі үшін 12-230 В кернеулі өзгермелі токтың электр желісі талап етіледі.

Термоажыратқыштарды қосу үшін, сорғылармен басқару құрылғысының қорғанышты ажырату контурына қосылатын басқару кабелі қолданылады.

Егер ажыратудың қорғаныш тізбегі алшақтатылған болса, сорғының басқару жүйесінің автоматты ажыратқышының қорек кернеуін автоматты түрде ажырататын контуры болуы керек.



Ескертпе
«Құрғақ жүріс» кезінде сорғыны пайдалануға тыйым салынады. Термореле немесе ылғалдық реле жұмыс істемеген жағдайда сорғыны тоқтататын автоматтандырылған ажыратқыш (үзгіш) орнату керек.

9.2.2 Ылғалдық релесі

Жарылыстан қорғалмаған сорғыларда үстіңгі ылғалдық релесі сорғының жоғарғы қақпағында орналасады, төменгісі - тығыздауыш біліктің жоғарғы жағындағы камерада орналасқан.

Жарылыстан қорғалған сорғыларда үстіңгі ылғалдық релесі сорғының жоғарғы қақпағында орналасады, төменгісі - статорлы камерада орналасқан. 2. Қосымшаны қар. Сорғының екі түріндегі (жарылыстан қорғалған және қорғалмаған) барлық ауыстырып-қосқыштар IO 113 модулімен байланысқан. Егер ылғал немесе ағып кету орын алса, олар электр тізбегін үзіп жібереді. Бұл IO 113

модулінде ақаулық сигналын туғызады және сигналды реле ажырайы.

Ылғалдық релесі және ағып кету релесі – ішіне ылғал кіру кесірінен зақымданған электрқозғалтқыштарды қорғауға арналған қондырғылар. Бұл релені қайта қолдануға болмайды және жұмыс іске қосылып кеткен жағдайда оларды ауыстыру керек. Реле екі бөлек схема арқылы қосылған және басқару кабелімен жалғанған. Реле сорғыны басқару құрылғысының ажыратылу қорғаныс контурына жалғану керек.

Назар
аударыңыз

Егер ажыратудың қорғаныш тізбегі алшақтатылған болса, сорғының басқару жүйесінің автоматты ажыратқышының қорек кернеуін автоматты түрде ажырататын контуры болу керек.

9.2.3 Термисторлар

Термисторлар керек-жарақ немесе арнайы орындалым сияқты жеткізіледі.

Термисторлар термоажыратқыштар орнына статор температурасын бақылауға арналған электр қозғалтқышының қорғаныш құрылғысы ретінде қолданылады және басқару шкафындағы термисторлық релеге қосылуы керек.

Сорғының құрастырылуын тексергеннен кейін

1. Әмбебап өлшеу құралының көмегімен тізбек қарсыластығын тексеру, ол әр термистор үшін < 150 Ом болуы керек.
2. Әмбебап өлшеу аспабының көмегімен электр қозғалтқышының тізбегі мен статор корпусының арасындағы оқшаулау қарсыластығын тексеру, аспап көрсетуі керек.
3. Ұқсас өлшеулерді қорек тізбегі үшін жүргізу.

9.2.4 Pt1000 температура датчигі

Pt1000 температура датчигі керек-жарақ ретінде және арнайы орындалым ретінде жеткізіледі.

Pt1000 термодатчигі мойынтіректердің ағымдық бақылауы үшін қолданылады, сонымен қатар статордың температурасын бақылау үшін де қолданылады.

Нұсқау

Мойынтіректердің температурасын бақылау жүйесі опция сияқты жеткізіледі.

Датчик қарсыластығы мыналарды құрайды:

- 0 °C барысында 1000 Ом;
- 100 °C барысында 1385 Ом;
- бөлмелік температура барысында шамамен 1078 Ом.

Шектік температура:

- 90 °C: мойынтіректің жоғарғы температурасының авариялық сигналы;
- 130 °C: мойынтіректің жоғарғы температурасымен туындаған сорғы тоқтатылымы;
- 150 °C: статордың жоғарғы температурасымен туындаған сорғы тоқтатылымы;

Ескертпе

Жарылыстан қорғалған сорғылар үшін датчиктердің қосылуының мейлінше жоғары температурасы 100 °C – төменгі мойынтірек үшін (біліктің соңы) және 120 °C – жоғарғы мойынтірек үшін.



Сорғыны құрастырудан кейінгі тексеру

1. Әмбебап өлшеу аспабының көмегімен бөлме температура барысындағы қарсыластықты тексеру (20 °C), ол шамамен 1078 Ом болуы керек.
2. Әмбебап өлшеу аспабының көмегімен электр қозғалтқышының тізбегі мен статор корпусының арасындағы оқшаулау қарсыластығын тексеру, аспап көрсетуі керек.
3. Ұқсас өлшеулерді қорек тізбегі үшін жүргізу.

Сорғыны тексеру барысында Pt1000 датчигі тіркеу құрылғысына қосылуы керек.

9.2.5 Сорғы дірілінің датчигі (PVS 3)

PVS 3 датчигі ақаулардан сорғы мен құбыржетегін сақтандыру мақсатында сорғының дірілінің деңгейін бақылайды.

Діріл деңгейінің өзгерісі авариялық жағдайды көрсетеді. Себебі ластанған жұмыс дөңгелегі, мойынтіректер тозуы, қысымды құбыр жетегі ысырмаларының жабылуы және т.б. Бұл жағдайда сорғының немесе жүйенің зақымдануының алдын алу үшін техникалық қараулар жүргізу керек.

9.2.6 SM 113 модулі

SM 113 модулі нұсқаға (опция) сәйкес сорғымен бірге жеткізіледі, электрқозғалтқыштың жоғарғы қуысында орналасқан, қақпақтың астында, датчиктің көрсетуін жинау және тапсыру үшін қарастырылған. SM 113 модулі IO 113 модулінің Grundfos Genlbus хаттамасын қолдана отырып, ЭБЖ байланысы арқылы жұмыс істей алады.

SM 113 модулі келесі құрылғылардан деректер жинайды:

- 3 ұқсас датчик, 4-20 мА;
- Pt1000 3 термодатчигі;
- 1 термистор PTC
- 1 санды кіріс.

9.2.7 IO 113 модулі

IO 113 модулі Grundfos кәріз сорғыларының ұқсас және сандық датчиктері мен сорғының басқару жүйесінің арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Датчиктерден шығатын аса маңызды деректер алдыңғы панельде көрінеді. IO 113 модуліне бір сорғы қосыла алады. IO 113 датчиктерімен бірге сорғыдағы кернеу мен басқару құрылғысына қосылғанның арасындағы гальваникалық ажыратылым құрылады.

IO 113 келесі функциялары бар:

- сорғыны қызып кетуден қорғау;
- ұқсас өлшеулерге арналған бақылау датчиктері – қозғалтқыш температурасы;
- сорғы дірілі;
- ағулар (майдағы су / ауадағы су);
- статор оқшаулауының қарсыластығы;
- мойынтірек температурасы;
- қозғалтқыштағы ылғалдықтың сандық өзгерісі;
- авария жағдайында сорғыны тоқтату;
- RS485 көмегімен ара қашықтықта сорғыны бақылау (Modbus GENlbus арқылы).

Оқшаулау қарсылығын өлшеу

- IO 113 модулі статор мен жердің орамы арасындағы оқшаулау қарсылығын өлшейді;
- Қарсылық 10 МОм жоғары болса = барлығы қалыпта.
- Қарсылық 10 МОм және 1 МОм аралығында болса = ескертетін сигнал.
- Қарсылық 1 МОм болатын болса = авариялық сигнал.

9.3 Жиілік түрлендіргішімен пайдалану

Барлық үш фазалы қозғалтқышты жиілік түрлендіргішіне қосу керек.

Жиілік түрлендіргішімен жұмыс істеу барысында қозғалтқыштың оқшаулау жүйесі артық жүктемеге ұшырайды, сондықтан жоғары кернеуден туындайтын құйынды ағыннан қозғалтқыш әдеттегіге қарағанда аса көп шуыл шығаруы мүмкін.

Бұдан өзге жиілік түрлендіргіші арқылы басқарылатын үлкен қуаттағы қозғалтқыштар мойынтіректік токтардан жүктемеге ие болады.

Жиілік түрлендіргішімен жұмыс істеу барысында келесі ақпараттарды ескеру керек:

- Орындалымына қойылатын талаптар.
- Ұсыныстар.
- Ескеруі қажет болатын салдарлар.

9.3.1 Талаптар

- Электр қозғалтқышының жылу қорғанышын іске қосу қажет.

- Жоғарғы кернеу және dU/dT төмендегі кестеге сәйкес келуі керек. Мұнда қозғалтқыштың клеммаларында өлшенген максималды мәндер көрсетілген. Кабель ықпалы есепке алынбаған. Жоғарғы кернеу мен dU/dT нақты мәндері және оларға кабельдің ықпалын жиілік түрлендіргіші сипаттамаларынан көріге болады.

Барынша көп кезеңдік жоғарғы кернеу [В]	М.ж. dU/dt UN 400 В [В/мк сек.]
850	2000

- Егер сорғы жарылыстан қорғалған болса, нақты сорғымен пайдалану мүмкіндігі бар жиілік түрлендіргішке арналған жарылыстан қорғану сертификатын тексеру керек.
- Жиілік түрлендіргішінің U/f коэффициентін қозғалтқыштың сипаттамаларына сәйкес орнатыңыз.
- Жергілікті нормалар мен ережелерді сақтау қажет.

9.3.2 Ұсыныстар

Жиілік түрлендіргішін құрастыру алдында сұйықтықтың нөлдік шығысын болдырмау үшін, қондырмада мейлінше төмен жиілік есептелуі керек.

- Қозғалтқыштың айналым жиілігін номиналдыдан 25%-дан төмендетуге ұсыныс жасалмайды.
- Ағын жылдамдығын 1 м/сек жоғары ұстау керек.
- Сорғы ең болмағанда, күніне бір рет құбыр жетегінде тұнба түзілуін болдырмау үшін, айналымның номиналды жиілігімен жұмыс істеуі керек.
- Айналым жиілігі фирмалық тақташада көрсетілген мәннен асып кетпеуі керек. Кері жағдайда электр қозғалтқышының артық жүктелімі орын алады.
- Қозғалтқыштың кабелі мүмкіндігінше қысқа болғаны жөн. Жоғары кернеу қозғалтқыш кабелінің ұзаруы барысында артатын болады. Жиілік түрлендіргішінің сипаттамасын қараңыз.
- Жиілік түрлендіргішімен кіріс және шығыс сүзгіні қолданыңыз. Жиілік түрлендіргішінің сипаттамасын қараңыз.
- Жиілік түрлендіргішті қондырғыларда электрлі жабдықтың кедергісін болдырмау үшін, қозғалтқыштың экрандалған кабелін (ЭМС) қолданыңыз. Жиілік түрлендіргішінің сипаттамасын қараңыз.

9.3.3 Салдарлар

Жиілік түрлендіргішін пайдалан отырып, сорғыны пайдалану барысында салдарлардың келесі мүмкіндіктерін есте ұстау керек:

- Қозғалтқыштың іске қосу сәті электр желісінің тікелей қорегі барысына қарағанда тым төмен. Оның төмендігі жиілік түрлендіргішіне байланысты. Мүмкіндік нұсқасын құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес жиілік түрлендіргішінің сипаттамаларынан қараңыз.
- Мойынтіректер мен білік тығыздағышына кері әсері болуы мүмкін. Осы әсердің дәрежесі нақты жағдайға байланысты. Оны ертерек анықтау мүмкін емес.
- Акустикалық шуыл деңгейі артуы мүмкін. Акустикалық шуылдың қалай төмендейтіндігін құрастыру және пайдалану бойынша сәйкес нұсқаулықтағы жиілік түрлендіргішінің сипаттамаларынан қараңыз.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтарды талап етілмейді.

Жабдықты іске қосу үшін, «Грундфос» ЖШҚ сервистік орталығына жүгінуді ұсынамыз. Ұзақ уақыт сақталғаннан кейін (екі жылдан астам), сорғылық агрегатының диагностикасын орындау қажет және осыдан кейін ғана оны пайдалануға енгізуді жүргізу қажет. Сорғы дөңгелегінің еркін жұмыс айналымына көз жеткізу керек. Басты назар бүйірлік тығыздағыш, тығыздағышты шығыршық пен кабельді енгізілімге аударған жөн.



Ескертпе

Сорғының қолмен іске қосылуын орындаудың немесе оны автоматты басқару режиміне ауыстырудың алдында сорғымен ешкім жұмыс істеп тұрмағандығына және оған тікелей жақын болмағандығына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

Сорғыны бірінші іске қосар алдында және ұзақ уақыт тұрып қалуынан кейін, сорғы аударып қотару сұйықтығымен тұтас толтырылуы керек.



Операцияларды орындау тәртіптері:

1. Сақтандырғышты шешіп алу немесе желілік ажыратқышты сөндіру.
2. Салқындатқыш камерадағы сұйықтық деңгейін тексеру. 12.1 Электр қозғалтқышындағы сұйықтықты тексеру және оны алмастыру тарауын қар.
3. Жұмыс жөңгелегінің еркін айналатын-айналмайтындығын тексеру.
4. Бақылау өлшегіш аспаптарының тиісті атқарылымын, егер олар бар болатын болса, тексеру.
5. Батырма қондырғысының барысында сорғы жұмыс сұйықтығына толық батырылуы керек.
6. Құрғақ орнатылым барысында «ылғалды» сұйық қойма сумен толтырылғандығына көз жеткізу керек.

Ескертпе

Сорғының айдап-қотарылатын сұйықтықпен толтырылғандығын тексеріңіз. Құрғақ құрылымды сорғылар корпусына желдеткіш сағылау арқылы желдетілуі керек. «Құрғақ жүріс» кезінде сорғыны пайдалануға тыйым салынады.




7. Бар ысырманы ашу.
8. Жүйенің аударып қотару сұйықтығына толтырылғандығын және одан ауаның шығарылғандығын тексеру.
9. Деңгей релесін орнатуды тексеру.
10. Сорғыны қосу және сорғының жұмысында шуыл мен діріл деңгейінің артпағандығын тексеру.

Егер пайдалану процесінде немесе қорек кернеуінің бірілісі сәтінде ерекше шуыл, діріл немесе басқа ақаулар табылған болса, сорғыны тез арада ажырату керек. Сорғыны қайта іске қосуға ақаулар себептері анықталып жойылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.



11. Сорғыны іске қосқаннан кейін, осындай жүктеме барысында талап етілген жұмыс параметрлеріне сәйкестігін тексеру үшін, сорғының жұмыс нүктесін мүмкіндігінше дәлірек анықтау керек.



Айналым бағытын тексеру үшін, сорғыны бірнеше секундқа жұмыс сұйықтығына батырмай іске қосуға болады.

Сорғыны пайдалану үнемі бақылау-өлшеу жабдықтарын және керек-жарақтарды (ысырмаларды және т.б.) жүйелі тексерудің орнатылған тәртібімен сәйкес болуы керек. Сорғы және жабдық баптаулары сәйкес уәкіліттігі жоқ тұлғалармен өзгертілмегендігіне көз жеткізіңіз.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.



Ескертпе
Құрастырудың кейбір типтерінде беті 90 °C жете алады.



Ескертпе
Егер сұйыққоймада ықтимал жарылыс ортасы болса, жарылыстан қорғанысы жоқ сорғыны іске қосуға тыйым салынады.

Жұмыс режимі

Сорғылар үздіксіз немесе қайталама-уақытша жұмыс режиміне арналған; іске қосудың сағатына мейлінше төмен мүмкіндік саны төменгі кестеде көрсетілген:

SE/SL сорғылары	Іске қосу/сағ
9-30 кВт	20

Аударып қотару сұйықтығының деңгейі

Батыру сорғысы үшін, С құрастыру түрі, тоқтатудың төменгі деңгейі үнемі сорғының корпусының үстінде болуы керек.



Ескертпе
«Құрғақ айналымға» жол бермеу керек. Аударып қотару сұйықтығының деңгейі сорғылармен басқару шкафының басқаратын шынжырына жалғанған деңгейді бақылау деңгейінің релесін реттейді. Ең аз деңгейі құрастыру типіне байланысты және құрастыру мен пайдалану бойынша осы нұсқаулықта көрсетілген.

Сорғыны құрастыру типі	Сипаты	Керек-жарақтар
S	Автоматты құбырлық муфтада батыру құрастырылымына арналған салқындатқыш қаптамасыз кәріз сорғылары.	Автоматты құбырлық муфта
C	Автоматты құбырлық муфтада батыру құрастырылымына арналған салқындатқыш қаптамалы кәріз сорғылары.	Автоматты құбырлық муфта
D	Тік күйдегі құрғақ құрастырылымына арналған салқындатқыш қаптамалы кәріз сорғылары.	Негіздегі құрастыру Плита-негізде құрастыру
H	Тік күйдегі құрғақ құрастырылымына арналған салқындатқыш қаптамалы кәріз сорғылары.	Көлденең құрастыруға арналған негіз

Жұмыс уақытында электр қозғалтқышын жеткілікті түрде салқындатылуы үшін, келесі талаптарды орындау керек:

• S құрастыруының тип


S1 режимінде сорғыны пайдалану барысында (үздіксіз режим) аударып қотару сұйықтығы үнемі қозғалтқыштың жоғарғы нүктесіне дейін үнемі жабылуы керек.



Ескертпе
Салқындатқыш қаптамасы жоқ жарылыстан қорғалған сорғылар айдап-қотарылатын сұйықтыққа толығымен батуы керек.

• C құрастыруының типі

Сорғы корпусы үнемі аударып қотару сұйықтығымен жабық болуы керек.



10-сур. Сұйықтық деңгейі

• D және H құрастыру типтері

Ешқандай маңызды талаптарсыз.

Ескертпе

Жарылыстан қорғалған сорғылар үшін қарастырылған арнайы шарттар:

1. Ылғалдық датчиктер мен термоажыратқыштар екі бөлек тізбекке жалғанғандығын тексеріңіз және қозғалтқыштың жоғарғы ылғалдығы мен температура барысында ақаулық сигналының (қозғалтқыш тоқтатылымы) бөлек шығысы болуы керек.
2. Ауыстыру кезінде бұрандамалар А4-80 не А2-80 тобына сәйкес болуы керек.
3. Қозғалтқыштағы сүзілмелі саңылау көлемі өндірушімен белгіленген, олар әдеттегіден кішірек.
Ескертпе: жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында әрдайым өндірушіден келген фирмалық қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз, себебі осы жағдайда ғана сүзілмелі саңылаудың дұрыс көлемі сәйкес келеді.
4. Жұмыс барысында салқындатқыш қаптама, егер орнатылған болса, салқындатқыш сұйықтықпен толтырулы болуы керек.
5. Айдап-қотарылатын сұйықтық деңгейі сорғының басқару шкафының басқару тізбегіне жалғанған деңгей бақылау релесі арқылы реттеледі. Мейлінше төмен деңгей құрастыру типіне байланысты.
6. Қорек кабелінің сәйкес механикалық қорғанысы бар екендігін тексеріңіз және лайықты клеммалық қалыптағы клеммаларға жалғануы тиіс.
7. Сорғының «Құрғақ жүрісі» тыйым салынады.
8. Этиленпропиленді көксағызды оқшаулауды күннің тікелей сәулесінің ұзақ уақыт бойы әсерінен сақтаңыз.
9. Электрстатикалық тоқтан айырылу мүмкіндігі үшін, жарылыстан қорғалмаған ортада этиленпропиленді оқшаулауды ұстамаңыз.
10. Электрқозғалтқыш түрлендіргішпен бірге орнатылған жағдайда қондырғының температуралық коды Т3 болады. Электрқозғалтқыш түрлендіргішсіз орнатылған жағдайда қондырғының температуралық коды Т4 болады.



Бұйым баптауларды талап етпейді.

12. Техникалық қызмет көрсету



Ескертпе

Техникалық қызмет көрсетуді жүргізу барысында, сонымен қатар сервистік орталыққа тасымалдап жеткізу барысында үнемі сорғыны көтеру шынжырының көмегімен бекітіңіз немесе үлкен тұрақтылығы үшін сорғыны көлденең күйіне келтіріңіз.



Ескертпе

Техникалық қызмет көрсетуді бастар алдында сақтандырғышты суырып алу немесе қоректі желілік ажыратқыштан ажырату керек. Электр қорегінің кездейсоқ қосылып кету қаупін болдырмау керек. Барлық айналатын тораптар мен бөлшектер қозғалмайтын болуы керек.



Ескертпе

Егер қоршаған орта жарылысқа қауіпті не шаң басқан болса сорғыны ашпаңыз.

Техникалық қызмет көрсетулер бойынша жұмыстарға тек білікті мамандар ғана жіберіледі. Қарау және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс бастар алдында сорғыны таза сумен жуу керек. Бөлшектегеннен кейін, сорғы бөлшектерін таза сумен жуыңыз. Сорғыны пайдалану барысындағы қалыпты режимде әрбір 2000 сағат сайын немесе кем дегенде жылына бір рет тексеру керек. Егер аударып қотару сұйықтығы шлам мен құм түріндегі қоспалардың ауқымды бөлігінен тұратын болса, сорғының күйін тексеруді пайдаланудың әрбір 1000 сағаты сайын немесе жарты жылда бір рет жүргізу керек.

- Келесілерді тексеру керек:
- Тұтынылатын қуат;

Майдың деңгейі мен күйі.

Жаңа сорғыларда немесе сәйкесінше білікті айырбастағандағы пайдаланудың аптасынан кейін май деңгейі мен су құрамын тексеру қажет. Егер майда артық су болатын болса, білік тығыздағышы ақауланған болу керек. 12.1 Электр қозғалтқышындағы май деңгейін тексеру мен оны алмастыру тарауын қар.

Нұсқау

Ұсталған майды жинап алып, жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.

Полкүстер саны	Электр қозғалтқышындағы сұйықтық көлемі	
	SE [литр]	SL [литр]
2	12,8	4,5
4	12,8	4,5
6	14,1	5,4

- **Кабельді енгізілім**
Кабельді енгізілім судың түсіп кетуінен герметикалық оқшауланған болуы керек, ал кабель сынуы мен қысылуы болмауы керек. 14.3 Кабель деректері тарауын қар.
- **Жұмыс деңгелегінің жарықты тығыздағыш саңылауы**
Жұмыс деңгелегінің жарықты тығыздағыш саңылауын тексеру 12.2 Жарықты тығыздағыш саңылауын бақылау мен реттеу тарауын қар.
- **Сорғы бөлшектері**
Сорғы корпусының және бөлшектерінің тозу іздерін тексеру. Ақаулы компоненттерін алмастыру.
- **Шарлы мойынтіректер**
Біліктің шуылсыз айналымын тексеру (оны қолмен жай бұрау). Ақаулы мойынтіректерді алмастыру. Сорғыны күрделі жөндеу әдетте мойынтіректер ақауланғандығын тапқан уақытта немесе электр қозғалтқышының жұмысы барысында үзілулер барысында қажет. Бұл

авторластырылған сервистік орталықтың орындауына ғана рұқсат етіледі.



Ескертпе

Шарлы мойынтіректерді 36000 сағат жұмыстан сирек емес ауыстыру керек.

12.1 Электр қозғалтқыштағы майдың деңгейін тексеру және оны алмастыру

Назар аударыңыз

Жылу бөлуді жақсы қамтамасыз ету мақсаттарында сорғының сыртқы бетіндегі тозаң мен кірді мезгіл-мезгіл тазалап отыру керек.

Назар аударыңыз

Майды қышқылданып кетпеуі үшін, төрт жылда бір рет алмастырып отырыңыз.

Нұсқау

Тығыздағыш корпусында пайдалану процесінде электр қозғалтқышында сұйықтықтың жылу кеңейткішінің құрылымынан ауа кем дегенде 10 % болуы керек.

Назар аударыңыз

Майлаудың жетіспеушілігі қызу мен бүйірлік тығыздағышының зақымдануына алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз


Сұйықтықты SML3 электр қозғалтқышы үшін қолдану керек.

12.1.1 SL сорғылары

Тығыздағыш корпусында екі бұрандалы тығындары бар: А және В. А тығыны тығыздағыш корпусына сұйықтық құю үшін арналған.

В тығыны электр қозғалтқышында сұйықтық деңгейін тексеру үшін және тығыздағыш корпусынан сұйықтықты құйып алу үшін арналған.


11-суретте S құрастыру типі көрсетілген.



11-сур. SL сорғысы, бүйірінен көрінісі

SL сорғыларындағы электр қозғалтқышы сұйықтығының деңгейі, S құрастыру типі, А тығынын бұрап босата отырып тексеруге болады. 12-сур. қар.

TM05 2768 0612



TM05 2768 0612

12-сур. SL сорғы, жоғарыдан көрініс

Электр қозғалтқышынан сұйықтықты құйып алу, тік және көлденең құрастыру

Қозғалтқыштан аққан сұйықтықты жинап алу үшін, сорғының астына контейнер қойыңыз, кейін сорғыны көлденең орналастырыңыз. Төмен бағытталған В тығынын бұрап босатыңыз (12-сур.). Барлық сұйықтық корпустан контейнерге ағып таусылғанға дейін күтіңіз.



Ескертпе

Тығыздық корпусынан В тығынын бұрап босату барысында камераның артық қысым астында болу мүмкіндігін ескеру керек. Ешбір жағдайда бұрандалы тығынды қысым толық сызаттанып шығарылмайынша, бұрандалы қысымды толық бұрамау керек.

Нұсқау

Электр қозғалтқышынан пайдаланылған сұйықтықты жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес кәдеге жарату керек.

Электрқозғалтқыштың сұйықтығын тексеру

Қозғалтқыш сұйықтығына айдап-қотарылатын сұйықтықтың кіру деңгейін тексеру мүмкіндігі бар.

Электрқозғалтқышқа сұйықтықтың кіру деңгейін % үйлесімде көрсететін рефрактометрді қолданыңыз (бұйым нөмірі 98676968):

- 0 %: -30 °C.
- 5 %: -27 °C.
- 10 %: -25 °C.
- 15 %: -23 °C.
- 20 %: -22 °C.

Егер сыну көрсеткіші -22 °C жоғары болса –

электрқозғалтқыштың сұйықтығын ауыстырыңыз.

Тығыздауыштардың сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін осы белгіленген деңгейден аспауды ұсынамыз. Қосымша ақпаратты SE, SL сорғыларына арналған Сервис нұсқаулығын қар.

Электр қозғалтқышына сұйықтық құю, тік құрастыру

Тік күйінде тұрған сорғы тығыздағышының корпусына электр қозғалтқышына арналған сұйықтықты В саңылауына дейін сұйықтық деңгейі жеткенше құйыңыз. 11-сур. қар. Шығыршықты тығыздағышты жаңасына айырбастаңыз, тығынды қайта орнатыңыз да тығыздап тартыңыз.

Электр қозғалтқышындағы сұйықтықты құю, көлденең құрастыру

Сорғыны көлденең орналастырыңыз. В тығыны жабық болуы керек және төмен бағытталуы керек. Сорғы тығыздағышының корпусына электр қозғалтқышына арналған сұйықтықты 12-суретте көрсетілген А саңылауына дейін сұйықтық деңгейі жеткенше құйыңыз. Шығыршықты тығыздағышты жаңасына айырбастаңыз, тығынды қайта орнатыңыз да тығыздап тартыңыз.

12.1.2 SE сорғылары

Тығыздағыш корпусында үш бұрандалы тығындары бар: А, В және С.

А тығыны сорғының тік күйінде қозғалтқышты сұйықтықпен толтыру үшін қарастырылған.


В тығыны сорғының тік күйінде салқындатқыш жүйесін толтыру барысында сұйықтық деңгейін тексеру үшін қарастырылған.

Д тығыны электрқозғалтқыштың сұйықтығын ағызу үшін қарастырылған.

С тығыны сорғының көлденең күйінде қозғалтқышты сұйықтықпен толтыру үшін және электрқозғалтқыштың сұйықтық деңгейін тексеру үшін қарастырылған.


Ескертпе

Тығыздық корпусынан А тығынын бұрап босату барысында камераның артық қысым астында болу мүмкіндігін ескеру керек. Ешбір жағдайда бұрандалы тығынды қысым толық сызаттанып шығарылмайынша, бұрандалы қысымды толық бұрамау керек.



TM05 2774 0512

13-сур. SE сорғысы, электр қозғалтқышындағы сұйықтық деңгейі, жоғарыдан көрініс



TM05 2775 0512

14-сур. SE сорғысы, төменнен көрінісі

Электр қозғалтқышынан сұйықтықты құйып алу, тік және көлденең құрастыру


Қозғалтқыштан аққан сұйықтықты жинап алу үшін, сорғының астына контейнер қойыңыз, кейін сорғыны көлденең орналастырыңыз. Төмен бағытталған В тығынын бұрап босатыңыз (15-сур.). Барлық сұйықтық корпустан контейнерге ағып таусылғанға дейін күтіңіз. Шығыршықты тығыздағышты жаңасына айырбастаңыз, В тығынын қайта орнатыңыз да, тығыздап тартыңыз.

Электр қозғалтқышына сұйықтық құю, тік құрастыру

Тік күйінде тұрған сорғы тығыздағышының корпусына электр қозғалтқышына арналған сұйықтықты А саңылауына дейін сұйықтық деңгейі жеткенше құйыңыз. 13-сур. қар. Шығыршықты тығыздағышты жаңасына айырбастаңыз, тығынды қайта орнатыңыз да тығыздап тартыңыз.

Электр қозғалтқышындағы сұйықтықты құю, көлденең құрастыру

Сорғыны көлденең орналастырыңыз. В тығыны жабық болуы керек және төмен бағытталуы керек. Сорғы тығыздағышының корпусына электр қозғалтқышына арналған сұйықтықты 15-суретте көрсетілген С саңылауына дейін сұйықтық деңгейі жеткенше құйыңыз. Шығыршықты тығыздағышты жаңасына айырбастаңыз, тығынды қайта орнатыңыз да тығыздап тартыңыз.



15-сур. SE сорғысы, кесігіндегі жоғарыдан көрініс

12.2 Жарықтық тығыздағыш саңылауын бақылау және реттеу



Ескертпе
Бөлек гидравликалық бөлшектердің шамадан тыс қызып кетуінің алдын алу үшін жұмыс дөңгелегінің саңылауын әрбір сервистік қызмет көрсету кезінде тексеріңіз.

Қысым диапазоны	X жұмыс дөңгелегінің жарықтық тығыздағышының саңылауы [мм]
E = аса төмен қысым	0,9 ± 0,1
L = төмен қысым	0,9 ± 0,1
M = орташа қысым	0,6 ± 0,1
H = жоғары қысым	0,6 ± 0,1
S = аса жоғары қысым	0,5 ± 0,1

Жұмыс дөңгелегінің жарықтық тығыздағыш саңылауы.



Ескертпе
Тексеруді бастамас бұрын қорек 0 оқайнарын ажыратып, желілік ажыратқышты ауыстыру керек.

S және C құрастыру типті жұмыс дөңгелегінің жарықтық саңылауы сорғының кіріс саңылауы арқылы тікелей тексеріледі.

D және H құрастыру типіне арналған саңылауды сорғының негізінен немесе құбыржетегінен көрсетпей реттеуге болады.


12.2.1 Саңылауды реттеу

1. Реттеу бұрандаларын екі толық айналымға бұрай отырып, оларды босату.
2. Жұмыс дөңгелегі сорғы корпусына түйіскенге дейін диагональ бойымен мұқият тарту.



Ескертпе
Мойынтіректерді зақымдап алмау үшін, бекіту бұрандаларын тарту барысында тым артық күш түсірмеңіз. Жылжыту әдетте 1-3 мм дейінгі аралықты құрайды.

3. Жоғарыда келтірілген жұмыс дөңгелегінің жарықтық тығыздау саңылауы бойынша кестедегі деректерге сәйкес бекіту бұрандаларының бастарының астында дұрыс саңылау жасау үшін (16-сур. қар.) бекіту бұрандаларын босатыңыз.
4. Реттеу бұрандаларын тарту.
5. Диагональ бойымен бекіту бұрандаларын тарту.




16-сур. Жұмыс дөңгелегінің саңылауын реттеу



Ескертпе
Мойынтіректерді зақымдап алмау үшін, бекіту бұрандаларын тарту барысында тым артық күш түсірмеңіз.

12.3 Ластанған сорғылар



Егер сорғы уландыратун немесе улы сұйықтықтарды аударып қотару үшін қолданылған болса, бұл сорғы ластанған деп есептеледі.

Бұндай жағдайда техникалық қызмет етуге әрбір тапсырыс беру барысында аударып қотару сұйықтығы туралы нақты ақпаратты ертерек ұсыну керек.

Егер мұндай ақпарат берілмеген болса, Grundfos фирмасы мұндай сервистік қызмет көрсету жүргізуден бас тарта алады.

Сорғыны қайтарумен байланысты барлық мүмкін болатын шығындарды жөнелтуші көтереді.

13. Істен шығару

SE/SL типіндегі сорғыны пайдаланудан шығару үшін, ауыстырып қосқышын «Ажыратылған» күйіне қою қажет. Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электр желілері үнемі кернеу астында болады.

Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсатсыз іске қосылуының алды алу үшін, сорғы қондырмасының басқару шкафына дейін басқа тұлғаларды жібермеу қажет.

14. Техникалық сиппатамалар

Беріліс	280 а/к дейін
Қысым	72 м дейін
Қорғаныш дәрежесі	IP68
Оқшаулау сыныбы	H (180 °C)
Орнату барысындағы батыру тереңдігі	сұйықтықтың деңгейінен ең көбі 20 метр
Еркін өту	Сорғының типтік өлшеміне қарай 160 мм дейін

Нақты сорғы бойынша техникалық деректер фирмалық тақташада, сонымен қатар атаулы өнімге берілген Каталогта көрсетілген.

TM05 2779 0512

TM05 1916 3911

14.1 Пайдалану талаптары

pH индексінің мәні

Барлық сорғылар 4-тен 10-ға дейінгі диапазонда pH мәнімен сұйықтықтарды аударып қотару үшін қолданылады.

SE/SL сорғылары стационарлы қондырмаларда келесі pH деңгейімен сұйықтықтарды аударып қотара алады:

S және Q сорғыларының материалдарының орындалымы: 4-тен 10-ға дейін

R және D сорғыларының материалдарының орындалымы: 4-тен 14-ке дейін

Сұйықтықтың температурасы

-20 °C-ден +40 °C дейін

Қысқа уақытқа (3 минуттан артық емес) 60 °C температурасына рұқсат етіледі.



Ескертпе

Жарылыстан қорғалған сорғылар үшін айдап-қотарылатын сұйықтықтың температурасы +40 °C аспауы керек.

Қоршаған ортаның температурасы

Қоршаған ортаның температурасы қысқа уақытқа (3 минуттан артық емес) 40 °C арта алады.



Ескертпе

Жарылыстан қорғалған сорғылар үшін қоршаған орта температурасы 0 ден +40 °C дейінгі диапазонда болуы керек.

Аударып қотару сұйықтығының тығыздығы мен тұтқырлығы

Егер аударып қотаратын сұйықтықтар суға қарағандағы жоғары тығыздығы және/немесе кинематикалық тұтқырлығына ие болатын болса, үлкен қуаттағы электр қозғалтқыштарын орнату керек.

Ағын жылдамдығы

Құбыр жетегінің жүйесінде тұнбаны болдырмау үшін, ағын жылдамдығын ең төменінен азайтпай қолдау ұсынылады.

Ұсынылған жылдамдық:

- Тік құбыржетегінде: 1,0 м/с.
- Көлденең құбыржетегінде: 0,7 м/с.

Орнату барысындағы батыру тереңдігі

Сұйықтықтың деңгейінен мейлінше жоғары 20 метр.

Қатты бөлшектердің ең көп көлемі

Сорғының көлеміне байланысты 75-тен 160-қа дейін.

14.2 Дыбыстық қысым деңгейі

Ескертпе

Қондырма типіне байланысты сорғының дыбыстық қысымы 70 дБ(А) жоғары бола алады.



Пайдаланылатын қондырмаға жақын жерде жұмыс істеу барысында есту мүшелерін қорғауға қажетті керек-жарақтарды қолдану керек.

14.3 Кабель деректері

Стандартты H07RN-F

SE/SL сорғылары [кВт]	Кабель типі [мм ²]	Кабельдің сыртқы диаметрі [мм]		Бүгу радиусы [см]
		мин.	м.ж.	
9-30	7 × 4 + 5 × 1,5	21,0	23,0	12,0
	7 × 6 + 5 × 1,5	23,8	26,8	13,0
	7 × 10 + 5 × 1,5	24,5	27,5	14,0

Электромагнитті үйлесімділік

Насосы SE/SL [кВт]	Тип кабеля [мм ²]	Внешний диаметр кабеля [мм]		Радиус загиба [см]
		мин.	макс.	
9-30	3 × 6 + 5 × 1	24,5	27,5	14,0
	3 × 10 + 5 × 1	24,7	27,7	14,0
	3 × 16 + 5 × 1	24,9	27,9	14,0

Нұсқау

Жерге тұйықталатын сымның ең төмен өлшемі фазалық өлшемге тең немесе одан үлкен болмауы керек.

Ескертпе

Жарылыстан қорғалған сыртқы жерге тұйықталу клеммалары бар сорғылардың жоғарғы қақпағы жерге жалғануы керек. Жерге тұйықталу барлық қауіпсіздік ережелерге сәйкес жүруі керек.



Ескертпе

Құрастыру және бірінше рет іске қосу алдында кабельдің жағдайын көзбен байқап көру керек. Бұл қысқа тұйықталудың алдын алу үшін.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

**Ескертпе**

Ақауларды табу және жою бойынша операцияларды бастар алдында сақтандырғыштарды суыру немесе желілік ажыратқыштарды сөндіру керек. Электр қорегінің кездейсоқ қосылымы болмайтындығына көз жеткізіңіз. Барлық айналатын тораптар мен бөлшектер қозғалмайтын болу керек.

Ақау	Себебі	Ақауларды жою
1. Сорғы көзге көрінбейтін себептермен қосылмайды немесе ажыратылып кетеді.	a) Қорек кернеуі жоқ.	Кернеу берілісін қалпына келтіру. Сорғыны қолмен қосу және босатқыштың жұмысын тексеру.
2. Сорғы іске қосылмайды немесе сөніп қалады. Басқару панелі электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы немесе қорғаныш құрылғысы қорек тізбегін айырып жібергендігін көрсетеді.	a) Фазаның жоғалуы.	Барлық фазаны қалпына келтіру.
	b) Сорғының уақытша қайта жүктелімі.	Егер ақау өздігінен жоғалмаса, оның себебін анықтау керек.
	c) Жұмыс деңгелегі ластанған.	Жұмыс деңгелегін тазарту.
	d) Сорғының уақытша қайта жүктелімі.	Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматын қозғалтқыш тогының номиналды мәніне сәйкес баптау.
	e) Термоажыратқыштар іске қосылып кетті. Электр қозғалтқышының жеткіліксіз салқындатылуы.	Салқындату жүйесін қалпына келтіру.
	f) Электр қозғалтқышындағы ылғалдылық датчигі іске қосылды.	Grundfos авторластырылған сервистік орталығымен байланысу.
	g) Электр қозғалтқышының кабелі ақауланған.	Grundfos авторластырылған сервистік орталығымен байланысу.
	h) Кернеу тербелісі.	Сәйкес кернеу берілісін қайта қалпына келтіру. Мүмкін болатын ауытқулар -10 % / +10 %.
3. Сорғы жұмыс істейді, алайда талап етілетін берілісті қамтамасыз ете алмайды.	a) Айналымның қате бағыты.	Электр қозғалтқышының екі фазасының орындарын ауыстыру.
	b) Жұмыс деңгелегі білікте еркін қонған немесе тозған.	Жұмыс деңгелегін тарту немесе алмастыру.
	c) Сорғы немесе құбыр жетегі бітеліп қалған.	Қажеттілігіне қарай жуу.
	d) Сорғының тым көп қысымы.	Қысым өзгерісін өлшеу және сорғының қисық жұмыс сипаттамаларымен алынған ауқымды салыстыру. Қысымды келте құбырдағы бітеліп қалуды жою.
	e) Клапандар жабық немесе блокталған. Кері клапан жұмыс істемейді.	Клапандарды жуу және қажеттілігіне қарай алмастыру.
	f) Сорғыға немесе сорып алатын құбыр етегіне ауа түскен.	Сорғыдан және сорып алатын құбыр жетегінен ауаны жою. Сұйық қоймадағы тоқтау деңгейін арттыру.
	g) Аударып қотару сұйықтығының тым жоғары тығыздығы.	Жұмыс сұйықтығын сұйылту.
	h) Автоматты муфтадағы сорғы құрастырылуы қате орындалған.	Сұйық қоймадағы аударып қотару сұйықтығының деңгейін төмендету. Сорғыны сыртқа көтеру және автоматты муфтамен ілінісу болатындай етіп, қайта түсіру.
	i) Құбыр жетегіндегі ағу.	Құбыр жетегіне сәйкес жөндеулер жүргізу.
	j) Сұйық қойманың жуу жүйесі кездейсоқ қосылды.	Жүйені тексеру және қажеттілігіне қарай жөндеулер жүргізу.
4. Сорғы іске қосылады, алайда сол уақытта ажыратылып кетеді.	a) Сорғының лаймен блокталу нәтижесінде электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы іске қосылды.	Сорғыны жуу.
	b) Электр қозғалтқышының күйіп кетуі нәтижесінде термоажыратқыш іске қосылды.	Электр қозғалтқышының салқындауына мүмкіндік беру. Сорғыны жуу.
	c) Қате реттелім немесе деңгей релесінің істен шығуы.	Деңгей датчигін жуу, оны қайта реттеу немесе қажеттілігіне қарай жаңасына алмастыру.

Ақау	Себебі	Ақауларды жою
5. Сорғыдағы діріл немесе шуыл.	a) Сорғы лаймен ішінара бітелген.	Сорғыны жуу.
	b) Айналымның қате бағыты.	Электр қозғалтқышының екі фазасының орындарын ауыстыру.
	c) Сорғы тиімсіз жұмыс диапазонында жұмыс істейді.	Пайдаланудың талап етілетін шарттарын қайта қалпына келтіру.
	d) Сорғы ақаулығы.	Ақауларды өздігімен жою немесе Grundfos авторластырылған сервистік орталығымен байланысу.
	e) Автоматты муфтадағы сорғыны құрастыру қате орындалған.	Сұйық қоймадағы аударып қотару сұйықтығының деңгейін төмендету. Сорғыны сыртқа көтеру және автоматты муфтамен ілінісу болатындай етіп, қайта түсіру.
	f) Сорғыда кавитация туындаған.	Сорып алатын магистральді жуу.
	g) Жұмыс жөңгелегі теңгерімсізденген.	Grundfos авторластырылған сервистік орталығымен байланысу.
	h) Сорғы кронштейнінің, автоматты муфтасының, шығыршықты негізінің немесе құбырлық бағыттағышының өлсіз бекітілуі..	Барлық құрамдастырушыларды дұрыс орнату.
6. Электр қозғалтқышындағы сұйықтықтың төмен деңгейі.	a) Жоғарғы бүйірлік тығыздағыштың герметизациясын бұзу.	Grundfos авторластырылған сервистік орталығымен байланысу.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

«GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақтасасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м., Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы: «Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м., Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.





Рис. 17 Схема электрических подключений, 12-жильный кабель




Рис. 18 Схема электрических подключений, 8-жильный кабель

TM05 2695 0412

TM05 2694 0412




Рис. 19 Стандартное исполнение с Klaxon

TM05 2687 0412




Рис. 22 Исполнение 1 с датчиками (PTC)

TM05 2691 0412




Рис. 20 Стандартное исполнение с датчиком PTC

TM05 2688 0412




Рис. 23 Исполнение 2 с датчиками

TM05 2692 0412




Рис. 21 Исполнение 1 с датчиками

TM05 2690 0412




Рис. 24 Исполнение 2 с датчиками (PTC)

TM05 2693 0412

Приложение 2.




Рис. 25 Расположение датчиков

TM05 4342 2112



RU

Канализационные насосы SE/SL мощностью 9-30 кВт сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-DK.АИ30.В.01357 срок действия до 18.02.2020 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Канализационные насосы SE/SL мощностью 9-30 кВт сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «О безопасности оборудования для работы во взрывоопасных средах» (ТР ТС 012/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-DK.ГБ08.В.00347 срок действия до 20.05.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции взрывозащищенного оборудования Закрытое Акционерное Общество Технических Измерений, Безопасности и Разработок (ОС ВО ЗАО ТИБР), аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11ГБ08 срок действия с 15.06.2011 г. по 15.06.2016 г., выдан Федеральным Агентством по техническому регулированию и метрологии; адрес: 301760, Тульская обл., г. Донской, ул. Горноспасательная, д. 1, стр. А, Россия; тел./факс: (48746) 5-59-53.

Истра, 19 февраля 2015 г.

KZ

SE/SL канализациялық сорғылар 9-30 кВт қуатымен «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Төменвольтты жабдыққауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) Кеден одағының техникалық регламенттеріне сәйкес сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-DK.АИ30.В.01357 жарамдылық мерзімі 18.02.2020 жылғадейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48. SE/SL канализациялық сорғылар 9-30 кВт қуатымен Кеден одағының «Жарылыс қауіпті орталарда жұмыс істеуге арналған құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 012/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-DK.ГБ08.В.00347, жарамдылық мерзімі 20.05.2019 ж. дейін.

Техникалық өлшеу, к (ОС ВО ЗАО ТИБР) жарылыстан қорғалған жабдықтарды сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11ГБ08 пайдалану мерзімі 15.06.2011 г. жылдан 15.06.2016 жылға дейін, Техникалық реттеу мен метрология бойынша Федералды Агенттігімен берілген, мекен-жайы: 301760, Тульская облысы, Донской қаласы, Горноспасательная көшесі, 1 үй, А жағ., Ресей, тел./факс: (48746) 5-59-53.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казахстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы к.,
Кек-Тебе шагын ауданы,
Кыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98693211	1015
ECM: 1167568	